

Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 1-тармағы бірінші бөлігі 2) мен 3) тармақшаларының және 14-бабы 1-тармағы 10) тармақшасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2025 жылғы 20 қантардағы № 61-НҚ нормативтік қаулысы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төраға Э.Ә. Азимова, судьялар А.Қ. Ескендіров, Қ.Т. Жақыпбаев, А.Е. Жатқанбаева, А.Қ. Қыдырбаева, Б.М. Нұрмұханов, Е.Ә. Оңғарбаев, Р.А. Подопригора, Е.Ж. Сәрсембаев және С.Ф. Ударцев қатысқан құрамда,

өтініш субъектісі Г.Г. Биржанованың өкілі – заң консультанттары Е.А. Нефедьеваның және Р.Е. Реймердің,

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілі – вице-министр А.А. Курманованың,

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілі – Заңнама департаментінің директоры Д.А. Сүлейменовтің,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі – Бас Прокурордың кеңесшісі Т.Б. Адамовтың,

Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың өкілі – Азаматтық және саяси құқықтар бөлімі меңгерушісінің орынбасары С.Ш. Ормановтың,

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Аппаратының өкілі – Заңнама бөлімінің сектор меңгерушісі Т.Ю. Сыздықованың,

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратының өкілі – Заңнама бөлімі меңгерушісінің орынбасары Н.А. Сартаеваның,

Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының өкілі – бас ғылыми қызметкер Н.Н. Турецкийдің,

Парламентаризм институтының өкілі – атқарушы директор А.К. Канатовтың қатысуымен,

өзінің ашық отырысында "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 11-бабы 1-тармағы бірінші бөлігі 2) мен 3) тармақшаларының және 14-бабы 1-тармағы 10) тармақшасының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы өтінішті қарады.

Баяндамашы – Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы Б.М. Нұрмұхановты және отырысқа қатысушыларды тыңдап, конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқық нормаларына және халықаралық тәжірибеге талдау жасай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына (бұдан әрі – Конституциялық Сот) Заңның 11-бабы 1-тармағы бірінші бөлігі 2) мен 3) тармақшаларының және 14-бабы 1-тармағы 10) тармақшасының Қазақстан Республикасы Конституциясының (бұдан әрі – Конституция, Негізгі Заң) 4-бабының 3-тармағына, 12-бабының 1 және 2-тармақтарына, 20-бабының 1 және 2-тармақтарына, 32-бабына және 39-бабының 1-тармағына сәйкестігін қарау туралы өтініш келіп түсті.

Өтініштен және оған қоса берілген материалдардан өтініш субъектісінің басқа азаматтармен бірлесіп 2023 жылғы 9 ақпанда Астана қаласының әкімдігіне 2023 жылғы 18 ақпанда сағат 12.00-ден 14.00-ге дейін "Астаналық" циркі ғимаратының жанындағы алаңда "Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау мәселесі бойынша ұстаным білдіру үшін бейбіт жиналыс өткізу туралы хабарлама жібергенін түсінуге болады.

Астана қаласының әкімдігі 2023 жылғы 15 ақпандағы № 506-306 қаулысымен (бұдан әрі – әкімдік қаулысы) өтініш субъектісіне көрсетілген кезеңде бұрын келісілген іс-шаралардың өткізілуіне байланысты бейбіт жиналысты ұйымдастырудан бас тартқан. Бұдан басқа, "Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – басқарма) бұған дейін басқарманың көрсетілген уақытта осы мамандандырылған жерде бейбіт жиналыстар өткізу туралы басқа өтініштерді келіскендігі туралы жазбаша жауап берген.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты 2023 жылғы 6 сәуірдегі шешімімен әкімдік қаулысын заңсыз деп тану туралы талап қоюды қанағаттандырудан бас тартқан. Сот өз шешімінде жергілікті атқарушы орган шешімді әкімшілік қарау шеңберінде қабылдағанын көрсеткен, бұл бейбіт жиналысты ұйымдастырушыға осы іс-шараны өткізу орнын және (немесе) уақытын өзгерту туралы ұсынысты міндетті түрде енгізуді көздемейді.

Өтініш беруші Заңның 11-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 2) мен 3) тармақшалары және 14-бабы 1-тармағының 10) тармақшасы конституциялық нормаларға сәйкес келмейді, өйткені:

біріншіден, егер бейбіт жиналысты өткізудің болжамды уақытында басқа іс-шара жоспарланған болса, мұндай жиналыстың орнын және (немесе) уақытын өзгертуді ұсынбай, бейбіт жиналысты өткізуден өз бетінше бас тартуға мүмкіндік береді;

екіншіден, нақты бейбіт жиналыс оның мақсаттары мен түрін (сипатын), қатысушылардың болжамды санын, өткізудің жоспарланған күні мен уақытын, сондай-ақ өзге де мән-жайларды ескере отырып, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, мемлекеттік қауіпсіздікке, оның ішінде көліктің іркіліссіз жұмыс істеуіне, инфрақұрылым объектілеріне, жасыл екпелер мен шағын сәулет нысандарының, өзге де мүліктің сақталуына анық қатер төндіреді ме дегенді ескермейді;

үшіншіден, бейбіт жиналысты өткізуден бас тартудың мөлшерлестігі және оның ықтимал қатер дәрежесі мәселесін шешпейді деп ойлайды.

Заңның 11-бабы 1-тармағы бірінші бөлігі 2) мен 3) тармақшалары және 14-бабы 1-тармағы 10) тармақшасы нормаларының конституциялылығын тексеру кезінде Конституциялық Сот мыналарды негізге алады.

1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады (Негізгі Заңның 12-бабының 1 және 2-тармақтары).

Конституцияның 32-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға құқылы (бұдан әрі – бейбіт жиналыстар құқығы).

Азаматтың бұл құқығы жеке адамның басқа да құқықтарымен, атап айтқанда, сөз бен шығармашылық еркіндігі, пікір білдіру, бірлесу бостандығы, заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алу және тарату, мемлекет ісін басқаруға қатысу, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жүгіну құқықтарымен тығыз байланысты (Негізгі Заңның 20-бабының 1 және 2-тармақтары, 23-бабының 1-тармағы, 33-бабының 1-тармағы және басқалар).

Осы конституциялық ережелерді тиісінше іске асыру адамды және адамның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын ең қымбат қазына деп, идеологиялық және саяси әралуандылықты тануға, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешуге негізделген демократиялық және құқықтық мемлекет ретінде Қазақстан Республикасын орнықтырудың ажырамас элементі болып табылады (Негізгі Заңның 1-бабы және 5-бабының 1-тармағы).

Бұған дейін Қазақстан Республикасы конституциялық бақылау органының нормативтік қаулыларында құқықтардың немесе бостандықтардың нақты бір түрінің конституциялық деңгейге жеткізілуі және Конституцияда оның кепілдігінің жариялануы мемлекеттің осы құқықтар мен бостандықтардың іске асырылуын қамтамасыз етуді өз міндетіне алғандығын білдіреді деп түсіндірілген болатын (Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1999 жылғы 12 наурыздағы № 3/2,

2004 жылғы 20 сәуірдегі № 3, 2005 жылғы 29 сәуірдегі № 3, 2005 жылғы 1 шілдедегі № 4, 2007 жылғы 28 мамырдағы № 5 нормативтік қаулылары және Конституциялық Соттың 2023 жылғы 25 қыркүйектегі № 29-НҚ нормативтік қаулысы).

Негізгі Заңның кіріспесіндегі Қазақстан халқы өзін еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғынуы туралы ережелер негізге алына отырып, Конституцияда жиналыстар, митингілер және өзге де белгіленген жария іс-шараларды өткізу және олар қару мен күш қолданылмайтын бейбіт сипатта болған жағдайда ғана оларға қатысу құқығына кепілдік беріледі, өйткені мұндай іс-шаралар өзінің ауқымына қарай көпшілік адамдардың, яғни бастамашылар мен қатысушылардың ғана емес, оларға тікелей тартылмаған адамдардың да құқықтары мен бостандықтарын қозғауы, халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін инфрақұрылым объектілерінің және басқа да маңызды объектілердің қызметіне әсер етуі, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті бұзуға және өзге де конституциялық маңызы бар құндылықтарға қол сұғуға алып келуі мүмкін.

Осыған байланысты бейбіт жиналыстар құқығы абсолютті болып табылмайды және заңды түрде шартты болуы мүмкін. Конституцияның 32-бабында бұл құқықты пайдалану мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін деп бекітілген. Мұндай тәсіл Конституцияның 39-бабының барлық құқықтар үшін ортақ ережелерімен де толықтырылды, оған сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін, ал бейбіт жиналыстар құқығы ешбір жағдайда да шектелуге жатпайтын құқықтар мен бостандықтар қатарына жатқызылмаған. Бұдан азаматтар бейбіт жиналыстар құқығын пайдаланған кезде көрсетілген конституциялық ережелер сақтала отырып, заңда жекелеген шектеулер мен тыйым салулар көзделуі мүмкін деген шығады.

Конституциялық Сот бірнеше рет атап өткендей, заң шығарушы мұндай заңдарды қабылдай отырып, конституциялық құқықтар мен бостандықтардың мәнін бұрмаламай және конституциялық айқындалған мақсаттарға сәйкес келмейтін шектеулерді енгізбей, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеудің жол берілетін конституциялық шегін негізге алуға міндетті. Адамның құқықтары мен бостандықтарына кез келген заңнамалық шектеулер заңды түрде негізделген мақсаттарға барабар болуға және әділдік, пропорционалдылық және мөлшерлестік талаптарына сай келуге тиіс (2023 жылғы 6 наурыздағы № 4 нормативтік қаулы және басқалар).

Конституцияның 4-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан ратификациялаған халықаралық шарттардың оның заңдарынан басымдығы болады. Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының

аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары оның заңнамасында айқындалады. Қазақстан заңнамасында белгіленген тәсілдер негізгі халықаралық құқықтық актілердің ережелерімен үйлеседі.

Мәселен, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында (Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі – БҰҰ) Бас Ассамблеясының 1948 жылғы 10 желтоқсандағы 217А (III) резолюциясымен қабылданған) әр адамның наным-сенім бостандығына және оны еркін білдіруге құқығы бар; бұл құқық өз наным-сенімін кедергісіз ұстану еркіндігін және мемлекеттік шекараларға тәуелді болып қалмай, ақпарат пен идеяларды еркін іздеп, кез келген құралдар арқылы алу мен тарату бостандығын қамтиды; әр адамның бейбіт жиналыстарға және қауымдастықтарды құру бостандығына құқығы бар деп айтылған. Өзінің құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруда әр адам тек басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын тиісті түрде тану және құрметтеу мақсаты көзделген жағдайда ғана және демократиялық қоғамдағы моральдің, қоғамдық тәртіп пен ортақ игіліктің әділетті талаптарын қанағаттандыру мақсаты көзделген жағдайда ғана заңмен белгіленген шектеуге ұшырауы тиіс (19-бап, 20-баптың 1-тармағы және 29-баптың 2-тармағы).

БҰҰ Бас Ассамблеясының 1966 жылғы 16 желтоқсандағы 2200А (XXI) резолюциясымен қабылданған және 2005 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде бейбіт жиналыстар құқығы танылады. Бұл құқықты пайдалану заңға сәйкес қолданылатын және демократиялық қоғамда мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін қажет шектеулерден басқа ешқандай шектеулерге жатпайды (21-бап).

2. Заң, кіріспесінде атап көрсетілгендей, Конституцияда белгіленген Қазақстан Республикасы азаматтарының бейбіт және қарусыз жиналып, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер мен пикеттеу өткізу құқығын іске асыруға бағытталған қоғамдық қатынастарды реттейді. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу қағидаттары ретінде күш қолданылмайтын сипат, заңдылық, мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, денсаулық сақтауды, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету, қатысу еріктілігі, бейбіт жиналыстар өткізу пайдасына презумпция және тараптар жауаптылығы бекітілген (3-бап).

Бейбіт жиналыстың кейбір нысандарын өткізуге хабарлама жасау тәртібі заңнамалық тұрғыда көзделген. Заңның 1-бабының 11) тармақшасына сәйкес хабарлама – бейбіт жиналысты ұйымдастырушы жергілікті атқарушы органға жіберетін, белгілі бір жерде және белгілі бір уақытта пикеттеу, жиналыс немесе митинг нысанында бейбіт жиналыс өткізу ниеті туралы алдын ала құлақтандыру.

Хабарлама жасау мақсаты (өткізілетін күніне дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей) – жергілікті атқарушы органды қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуді, медициналық және

өзге де көмек көрсетуді қоса алғанда, өз өкілдерін тағайындап, ұйымдастырушылар мен қатысушыларға тиісті ақпарат бере отырып, бейбіт жиналыс өткізуге жәрдем көрсету жөнінде қажетті шаралар қабылдау үшін жоспарланған бейбіт жиналыс туралы алдын ала хабардар ету (Заңның 4-бабының 3) тармақшасы, 5-бабы 1-тармағының 4) тармақшасы, 6-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы, 8-бабы 3-тармағының 5) және 6) тармақшалары).

БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитеті өзінің 129-сессиясында (2020 жылғы 29 маусым – 24 шілде) қабылдаған бейбіт жиналыстар құқығы туралы (21-бап) № 37 жалпы тәртіп ескертпесінде (2020) бейбіт жиналысты ұйымдастыруға ниет білдірген адамдар бұл жайында билік органдарын күні бұрын хабардар етуге және белгілі бір маңызды мәліметтер беруге тиіс болатын хабарлама жасау тәртібіне бұл мұндай органдарға бейбіт жиналыстардың кедергісіз өткізілуін қамтамасыз етуге және басқа адамдардың құқықтарын қорғауға мүмкіндік беру үшін қажет шамада жол беріледі деп атап өтілген. Халықаралық құқық қорғау құрылымдарының практикасында мұндай талап бейбіт жиналыстар құқығының мәнін бұзбайды және басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарымен келісуге, жеке және көпшілік мүдделер балансы негізінде тәртіпсіздіктер мен қылмыстардың алдын алуға негіз болады деп танылады.

Заңда хабарлама беру және қарау тәртібі регламенттелген. Онда міндетті деректемелер, атап айтқанда бейбіт жиналыстың мақсаты мен нысаны, өткізілетін орны, басталатын және аяқталатын күні, уақыты, оны өткізу регламенті, киіз үйлер, шатырлар және өзге де құрылысжайлар орнату туралы мәліметтер және басқалар қамтылуға тиіс (10-бап). Азаматтардың Конституцияның 32-бабында бекітілген конституциялық құқығын тиісінше іске асыру, алдағы оқиғалар туралы хабардар болу және олардың тиісті іс-шараларды жоспарлауы мақсатында жергілікті атқарушы органға өзінің интернет-ресурсында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындардың тізбесін, сондай-ақ олардың бос-бос еместігі туралы ақпаратты орналастыру міндеті жүктелген (8-баптың 3-тармағының 10) тармақшасы). Бұл ретте жергілікті атқарушы органға хабарлама жіберу кезінде (орынды, күнді, уақытты таңдау және өзге де ұйымдастыру мәселелерін шешу кезінде) бейбіт жиналысты ұйымдастырушы үшін маңызды болатын ақпараттың мазмұны заңнамалық тұрғыда ашылмаған.

Конституциялық Сот жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында орналастырылатын арнайы орындардың бос-бос еместігі туралы ақпарат азаматтарға ең болмағанда жоспарланған іс-шаралар, олардың өткізілетін орны мен күні, басталатын және аяқталатын уақыты, қатысушылардың болжамды саны секілді нақты түсінік беруге тиіс деп есептейді.

Келіп түскен хабарламалар жергілікті атқарушы органда тіркеледі және үш жұмыс күні ішінде қаралады. Бұл ретте Заңда жергілікті атқарушы органның хабарлама бойынша шешімді міндетті түрде қабылдауы және онда көрсетілген бейбіт жиналыс

нысанына келісуі туралы нақты талаптар қамтылмайды. Бұны 11-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің ережесі айғақтайды: "Хабарламаны қарау мерзімі өткен соң жергілікті атқарушы органның жауабы болмаған жағдайда, ұйымдастырушы берілген хабарламаға сәйкес бейбіт жиналыс өткізеді". Бұдан басқа, тек киіз үйлер, шатырлар, өзге де құрылысжайлар орнатылатын кезде және басқа жағдайларда ғана жергілікті атқарушы органның келісуі талап етіледі (5-баптың 3-тармағының 5) тармақшасы, 6-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы, 8-баптың 3-тармағының 3) тармақшасы, 10-баптың 3-тармағының 7) және 8) тармақшалары, 11-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасы, 16-баптың 3-тармағы).

Заңның 11-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінде хабарламаларды қарау кезіндегі жергілікті атқарушы орган шешімдерінің нұсқалары қамтылады, бірақ оларды қабылдау тәртібі (реттілігі) және шарттары белгіленбейді. Осы бөліктің 2) тармақшасының ережесі Заңның 14-бабына сілтеме жасала отырып, жалпы сипатқа ие және онда нақты, конституциялылығына баға беруге жататын, пикеттеу, жиналыс немесе митинг өткізуден бас тарту негіздері қамтылмайды және ол азаматтың бейбіт жиналыстар өткізу және оларға қатысу құқығына нұқсан келтірмейді.

Заңда бәсекелес хабарламалар келіп түскен жағдайда, туындаған коллизияларды шешу жолдары көзделеді. 9-баптың 3-тармағында "Дәл сол бір жерде және (немесе) дәл сол бір жүру маршруты бойынша не дәл сол бір уақытта бейбіт жиналыс өткізуге бір мезгілде бірнеше бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушы үміткер болған жағдайда, көрсетілген орынды пайдалану кезектілігін жергілікті атқарушы орган бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушыдан тиісті хабарламаны немесе өтінішті алған уақытын негізге ала отырып айқындайды" деп белгіленеді. Бұдан бас тартуға басқа негіздер болмаған кезде белгілі бір арнайы орында бейбіт жиналыстар өткізудің реттілігін жергілікті атқарушы орган тиісті хабарламаларды алу уақытын негізге ала отырып айқындайды деген шығады. Бұл ретте мұндай кезектілік бейбіт жиналыстарды өткізудің жалпы уақыты шегінде бір күн шеңберінде – сағат 9-дан 20-ға дейін (Заңның 9-бабының 4-тармағы) не нақты жағдайды, бейбіт жиналыстардың мақсаттары мен ауқымын, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде талап етілетін шараларды және өзге де мән-жайларды ескере отырып, басқа кезең шеңберінде белгіленуі мүмкін.

Сонымен қатар, Заңда арнайы орындар бос болмаған немесе бұған өзге де елеулі себептер болған жағдайда, бейбіт жиналыс ұйымдастыруға және оған қатысуға ниет білдірген азаматтардың мүдделерін барынша ескеруге бағытталған өзара байланысты және өзара шартты нормалар қамтылады. Мұндай нормаларда көзделген құралдар бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушылар мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы келісу рәсімдері шеңберінде іске асырылады. Аталған заңнамалық ережелер белгіленген мерзімде жергілікті атқарушы органдардың бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушыларға бейбіт жиналыстарды өткізу орнын және (немесе) уақытын өзгерту туралы ұсыныс енгізуін көздейді (8-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы, 11-

баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасы). Бейбіт жиналысты ұйымдастырушы мұндай ұсыныспен келіскен жағдайда жергілікті атқарушы орган бейбіт жиналысты өткізуден бас тартуға құқылы емес. Бейбіт жиналысты ұйымдастырушының бейбіт жиналысты өткізу орнын және (немесе) уақытын өзгертуге келісетіні туралы жауабы болмаған немесе ол келіспейтінін білдірген жағдайда жергілікті атқарушы орган бейбіт жиналысты өткізуден бас тарту туралы шешім шығарады (Заңның 11-бабының 3-тармағы, 14-бабы 1-тармағының 10) тармақшасы).

Дәл сол бір жерде уақыты бойынша сәйкес келетін бірнеше жария іс-шараны өткізу немесе мұндай жерде құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру азаматтардың бейбіт жиналыстар құқығын тиісінше іске асырмауға әкелуі, қатысушыларының, сондай-ақ көрсетілген жерге жақын жүрген басқа да адамдардың, оның ішінде олардың арасында қақтығыс туындап, өршуінің нақты қаупінен өмірі мен денсаулығына елеулі қатер төндіруі мүмкін. Сондықтан бейбіт жиналысты өткізуден бас тартуға байланысты шектеу ақылға қонымды, мөлшерлес болып табылады, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге жол беретін конституциялық шектен аспайды. Бұл Конституцияның 12-бабының 5-тармағымен үйлеседі, оған сәйкес адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс.

Конституциялық Сот аталған заңнамалық ережелерді олардың жүйелік өзара байланыстылығында қолдану қажет деп пайымдайды. Бұдан Заңның 14-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сілтеме жасала отырып, бейбіт жиналысты өткізуден бас тарту туралы шешім қабылдаудың алдында жергілікті атқарушы орган бейбіт жиналысты ұйымдастырушыға, егер бейбіт жиналысты өткізудің болжамды уақытында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарда басқа ресми, мәдени, ойын-сауық мәдени-бұқаралық, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және өзге де іс-шаралар жоспарланса немесе құрылыс-монтаждау жұмыстары жүзеге асырылып жатса, ол жоспарлаған осындай іс-шараны өткізу орнын және (немесе) уақытын өзгерту туралы ұсынысты міндетті түрде жіберуге тиіс екендігі шығады.

Заңда "Бейбіт жиналыстар өткізуден бас тарту туралы шешім негізді әрі уәжді болуға тиіс және оған Қазақстан Республикасының заңына сәйкес шағым жасалуы мүмкін" деген императивті талап қамтылады (14-баптың 2-тармағы). Сондықтан әрбір нақты жағдайда Заңның 14-бабы 1-тармағының 10) тармақшасы негізінде бейбіт жиналысты өткізуден бас тарту туралы шешім іс-шаралардың мақсаттарын, өзектілігін, қоғамдық маңыздылығын және ауқымын, сондай-ақ өзге де объективті факторларды ескере отырып, барлық мән-жай мен ықтимал тәуекелдердің егжей-тегжейлі талдауына негізделуге тиіс.

Мұндай түсінуде Конституциялық Сот Заңның 14-бабы 1-тармағының 10) тармақшасы Қазақстан Республикасы азаматының Конституцияның 32-бабында бекітілген конституциялық құқығын бұзады деп пайымдамайды.

Осы жазылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 3-тармағын және 74-бабының 3-тармағын, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы" 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 23-бабы 4-тармағының 3) тармақшасын, 55 – 58, 62-баптарын, 63-бабының 4-тармағын және 65-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа ала отырып, өтініш нысанасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшалары Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылсын.

2. "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 10) тармақшасы осы Заңның 8-бабы 3-тармағы 4) тармақшасының, 11-бабы 1-тармағы бірінші бөлігі 3) тармақшасының және 3-тармағының ережелерімен өзара байланыста төмендегідей түсіндірмеде Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылсын: егер белгіленген мерзімде бейбіт жиналысты ұйымдастырушының бейбіт жиналысты өткізу орнын және (немесе) уақытын өзгерту туралы ұсыныспен келісетіні туралы жауабы алынбаса немесе ол келіспейтінін білдірсе, жергілікті атқарушы орган осы негіз бойынша бейбіт жиналысты өткізуден бас тартады.

Жергілікті атқарушы органның мұндай ұсынысты бейбіт жиналысты ұйымдастырушыға бас тарту туралы шешім қабылданар алдын енгізуі міндетті болып табылады.

3. Осы нормативтік қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағым жасалуға жатпайды.

4. Осы нормативтік қаулы заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында, құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесінде және Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК